

Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының
«Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс заңнамасын жетілдіру»
ғылыми мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылының
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Өткізілген мерзімі	Жауапты	Нәтижесі
1	Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының Атырау облысы Полиция департаментінде кафедра филиалында 6В04202-Құқық қорғау қызметі мамандығы студенттеріне арналған практикалық сабақ.	1 ақпан 2021 жыл	Аға оқытушы К.У. Турдалиев	Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының Атырау облысы Полиция департаментінде кафедра филиалында полиция капитаны, аға тергеуші Б.Б. Абенова 6В04202-Құқық қорғау қызметі мамандығы студенттеріне «Қылмыс болған жерді қарау тәртібі» тақырыбында практикалық сабақ өткізді.
2	Салық Зимановтың 100 жылдығына арналған «ҰЛЫ ДАЛА. ҰЛЫ ТҰЛҒА» тақырыбындағы онкүндік аясындағы шараларға қатысу	11 ақпан 2021 жыл	Кафедра меңгерушісі Р.Н. Шайхаденов	11 ақпанда Экономика және құқық факультетінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және академик Салық Зимановтың 100 жылдығына арналған «ҰЛЫ ДАЛА. ҰЛЫ ТҰЛҒА» тақырыбында онкүндік аясында ашық онлайн дәрістер өтті
3	«Университет» газетіне жас ғалымдардың мақалаларын жариялау	11 сәуір 2021 жыл	Кафедра меңгерушісі Р.Н. Шайхаденов	PhD докторы Р.Н. Шайхаденовтың жарияланған мақаласы
4	Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, магистранттардың Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Заңшығару және салыстырмалы құқықтану институтының ұйымдастыруымен өткен «Уголовный закон и нравственность» тақырыбындағы	29 құркүйек 2021 жыл	Кафедра меңгерушісі Р.Н. Шайхаденов	Пленарлық отырыстың, секциялар мен дөңгелек үстелдердің жұмысы барысында: философиялық, тарихи және теориялық-әлеуметтік дискурстардағы қылмыстар мен жазалар; қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару құқығы нормаларындағы адамгершілік құндылықтардың көрінісі; қылмыстық жазалар жүйесін адамгершілік негіздеу; адамгершілік бағдарлардың қылмысқа әсері және т. б. мәселелер талқыланды.

	онлайн халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысу			
5	Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Ж.Б. Шаяхметованың "Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы және оның алдын алу шаралары" монографиялық ғылыми еңбегінің тұсау кесуі	14 қазан 2021 жыл	Аға оқытушы Ергалиева К.С	14 қазан 2021 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экономика және құқық факультетінің Оқу залында "Кітап - адамзаттың асыл қазынасы" тақырыбымен ұйымдастырылған мәдени шара аясында з.ғ.к, профессор Ж.Б. Шаяхметованың "Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы және оның алдын алу шаралары" монографиялық ғылыми еңбегінің тұсау кесуі заң саласындағы қызығушылық танытқан оқырмандарға арналып атап өтілді.
6	«Құқықтану», «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы студенттердің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті қызметкерлерімен кездесуі	2 қараша 2021 жыл	Кафедра меңгерушісі Р.Н. Шайхаденов	Департамент тарапынан - Әділет майоры Көптелеуовна Э. Ж., Әділет аға лейтенанты Бекбергенова М.М., Әділет капитаны Базарбаева Ғ.Б. және Әділет капитаны Отаралиев Н.Ж. сөз алып, студенттер және кафедра ПОҚ құрамымен сұхбат жүргізді. Кездесу соңында Департамент өкілдері факультет деканы Эльмира Мизамғалиқызы және арнаулы кафедра басшыларымен кездесіп, оқу білім бағдарламаларын жетілдіру және Атырау облысы бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті арасында білім бағдарламаларын жетілдіру және өзара ынтымақтастық серіктестік жұмыстарын жүргізу бойынша келісілген ұсыныстар талқылады.
	«Көлеңкелі экономика саласындағы құқық бұзушылықтар» тақырыбында			Дәріс қонағы соңғы жылдары еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

7	Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұйымдастыру – бақылау басқармасының (штаб) басшысы, под полковнигі Жәрдем Қаһарман Сейілханұлымен кездесу	12 қараша 2021 жыл	Аға оқытушы Н.А. Кобдабаева	шараларын жетілдіру мақсатында Экономикалық тергеу қызметінің мәртебесін көтеру қызметінің сапалық тиімділігін арттыру мәселесі туындап отырғандығын атап өтті. Соның бірі мемлекет басшысы 2020 жылдың 1 қыркүйектегі Жолдауында құқық қорғау органдарының алдында бірқатар маңызды міндеттерді, атап айтсақ Экономикалық тергеу қызметінің жұмысын көлеңкелі экономикамен күреске қайта бағыттау қажеттілігін атап көрсетті. Дәріс барысында студенттер тарапынан қызығушылық танытылып, сұрақтары қойылды.
8	Республикасының Конституциясы мен мемлекеттік рәміздерінің негіздерін білуге арналған республикалық олимпиада	1 желтоқсан 2021 жыл	Аға оқытушы Н.А. Лукманова	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен мемлекеттік рәміздерінің негіздерін білуге арналған республикалық олимпиада өтті. Оған Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Экономика және Құқық факультетінің «Қылмыстық-құқық пәндер» кафедрасының «Құқық қорғау қызметі» мамандығының студенттері қатысты. Қазылар алқасының шешімі бойынша 11 топтың ішінен «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының студенттері 3-орынға ие болды, бұл «Сила Закона» командасы (Мағзимова Іңкәр,

				Бауыржанов Даурен, Каримов Алмас, ғылым жетекшісі з.ғ.м, аға оқытушы Лукманова Н.А.). Сонымен қатар кафедра атынан «Бірлік» тобы (Әсем Ниязова, Ақарыс Алаудинов, Азамат Өтеген, ғылым жетекшісі з.ғ.м, аға оқытушы Ергалиева К.С) қатысып, сертификаттарға ие болды.
9	«Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау - адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының сақталуының кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел	3 желтоқсан 2021 жыл	Аға оқытушылар Н.А. Лукманова, Н.А. Кобдабаева, Г.К Макашева.	Кездесуге Атырау облыстық прокуратурасының басқарма аға прокуроры Жұмаханова Мариана Максимовна, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Атырау облысы бойынша Басқармасының аға прокурорлары Тугубаев Мәди Санақұлы, Жанглишев Еркебулан Сағытжанұлы, Атырау қалалық прокуратурасының бөлім прокуроры Мұстафин Әліби Амантайұлы шақырылды. Кездесу барысында прокурорлар - Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әр түрлі жылдардағы түлектері, студенттерге мәртебелі, сонымен қатар өте жауапты қызметтерінің қыр-сырларын ашып, бағыт-бағдар беріп, Прокуратура органдарының құқық қорғау жүйесінде және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда қоғамдағы алатын орнына ерекше тоқтала өтіп, өздеріне сабақ берген кафедра ұстаздарына зор алғыстарын білдірді.

Ғылыми мектеп жетекшісі

Р.Н. Шайхаденов